

**Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде дәрілік өсімдік шикізаттарын, жабайы жемістерді және басқа да орман ресурстарын тегін пайдалану нормаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Жамбыл облыстық мәслихатының 2005 жылғы 15 желтоқсандағы № 12-18 шешімі. Жамбыл облыстық Әділет департаментінде 2006 жылғы 9 қаңтарда № 1634 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2015 жылғы 25 маусымдағы № 2708 қаулысымен

Ескерту. Жамбыл облыстық мәслихатының 25.06.2015 № 38-12 шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күніне кейін күтізбелік 10 күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының Орман Кодексінің 42 бабына сәйкес облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жеке адамдар өз мұқтаждықтары үшін жабайы жемістерді, жаңғақтарды, саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік өсімдік шикізаттарын және басқа да орман ресурстарын тегін пайдалану нормалары қосымшаға сай бекітілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыстық мәслихаттың экология және табиғатты пайдалану, әкімшілік-аумақтық құрылым, адам құқығын қорғау мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

*Облыстық мәслихат  
сессиясының төрағасы  
Облыстық мәслихат хатшысы*

*А. Майлыбаев  
Ә. Әсілбеков*

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облысы бойынша  
салық комитетінің төрағасының м.а.

Е.К.Молдашев

"КЕЛІСІЛДІ"

Жамбыл облыстық аумақтық  
орман және аңшылық шаруашылығы  
басқармасының бастығы  
Х.Х.Бектұрғанов

облыстық мәслихаттың  
2005 жылғы 15 желтоқсандағы  
"Облыстың мемлекеттік орман  
қоры учаскелерінде дәрілік  
өсімдік шикізаттарын, жабайы  
жемістерді және басқа да орман  
ресурстарын тегін пайдалану  
нормаларын бекіту туралы"  
№ 12-18 шешіміне қосымша

**Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жеке адамдар өз  
мұқтаждықтары үшін жабайы жемістерді, жаңғақтарды,  
саңырауқұлақтарды, жидектерді, дәрілік өсімдік шикізаттарын және басқа  
да орман ресурстарын тегін пайдалану нормалары**

р/с	Атауы	1 адамның жинау нормасы, кг
1	Өз мұқтаждары үшін:	5,0
	Қ а м ы с	1,0
	Ш и	2,0
	Сыпырғы жасау үшін жыңғыл дайындау	3,0
2	Дәрілік шөптер және техникалық шикізат, соның ішінде:	бір түрінен 1,0 кг, ал түрлі түрінен 3,0 кг артық емес
	Шөптер, гүлдер, гүл шоқтары, гүл түйіндері, тамырлар (шикі күйінде)	
3	Жабайы жидектер мен жемістерді дайындау:	5,0
	А л м а	5,0
	Д о л а н а	5,0
	Ө р і к	3,0
	Ж и д е	3,0
	С а ң ы р а у қ ұ л а қ	3,0
	Басқа да түрлі жидектер	3,0